"СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 419 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жекешелендіру туралы" заң күші бар 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Access Industries (Eurasia), LLC компаниясымен жасалған " СНПС-Ақтөбемұнайгаз" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) акцияларын сенімгерлік басқаруға беру туралы келісім-шартты мерзімінен бұрын бұзу жөнінде шаралар қабылдасын;

2) Қоғамның акциялары мемлекеттік пакетінің саны 2 484 653 (екі миллион төрт жүз сексен төрт мың алты жүз елу үш) дана акциясын Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында сатуды жүзеге асырсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК